

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі
Халықаралық Білім беру Корпорациясы



КӨНЕ
ҚАЗАҚСТАН
СӘУЛЕТІ

Орындаған: Арх 15-4 ст.
Удербаета Е.Е.

Тексерген: ассист. проф. Бокеева А.М.

Алматы 2017



КІРІСПЕ

- Қазіргі Қазақстанның кең байтақ территориясы сонау ертедегі өткен шақта елдің мәдени-экономикалық жағдайына өзінің әсерін тигізген қоғамдық ірі қозғалыстардың арнасы болды. Қазақстанның территориясында қазақ халқының және осы территорияда оның алдында жасаған тайпалардың, әр түрлі тарихи кезеңдеріне жататын монументал архитектураның бірталай ескерткіштері сақталған. Сонымен қатар бұл тарихта көп ғасырлар ішінде қалыптсақан құрылыс істерінің тәжірибесі нәтижесінде сәулет өнерінің өзгеше үлгілерін жасап, онда құрылыс тәсілдерін, архитектуралық көркемдік тәсілдерін және дербес келесі үш мақаланы құрайды.
- Бірінші мақала Қазақстанның ерте дәуірдегі құрылыс мәдениетіне арналған.
- Екінші мақала VІІ-ХІІ ғасырлардағы Қазақстанның архитектурасы туралы ұғым береді. Үшінші ХІХ ғасырдағы және ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның архитектурасы болп табылан мақала.
- Бұл мақалаларда , бұрын жарияланған еңбектермен қатар, қазақ халқының архитектуралық мұрасы туралы түсінігімізді едәуір кеңейте түсетін мүлде жаңа деректер кездеседі. Бұған ең алдымен мазмұны ертедегі дәуірдің құрылыс мәдениеті және ХІХ ғасырдағы және ХХ ғасырдың бас кезіндегі құрылыс ісінің бас кезін сипаттайды.

- **Ерте дәуірдің архитектурасы.** Қазіргі Қазақстан территориясындағы құрылыс ісінің мыңдаған жылдық тарихы бар. Бұл өнер Қазақстанның таулары мен жазықтықтарын ертедегі адам бірте -бірте игеріп, бұлар алғашқы қоғамның өндіргіш күштерін дамыту үшін негіз болған заманда болатын. Бұл адам жетілуінің ұзақ жолын басынан өткерген, адамзат мәдениетінің ірнігесі жасалып, құрылыс техникасының негізі қаланған бір ұзақ дәуір еді. Ертедегі материалдық өндірістің бізге келіп жеткен ескерткіштерінің көрсетуі бойынша, алғашқы адам ұзақ уақыт бойы орныға алмай, өзіне азды-көпті қолайлы тұрақ таба алмаған, өйткені ол тіршілік ету қиыншылығымен, табиғатпен күресу қиыншылығымен жаншылып келген еді. Өзінің еңбек ету дәрежесінің алғашқы шағында адам жауын-шашыннан, жыртқыштардың шабуылынан қорғану үшін тек табиғи паналарды ғана пайдаланды. Археологиялық зерттеу соңында Қазақстан мен Оңтүстік Орал жерінде бұрын адам тұрақ етіп ізін қалдырған бірнеше үңгірлер ашылды. Бұлардың ең белгілері: Қазғұрт, Қаратау, Баянауыл, Қархаралы, Ұлытау үңгірлері. Ұлытау ауданындағы үңгірлердің біреуі Айдахарлы деп аталады. Өйткені бұл үңгірлердің көпшілігі адам паналауға қолайлы әрә кең, оған едәуір адам сиятын болған. қархаралы қаласына таяу тұрған осы үңгірлердің бірінің түрітұрғын үйге жақын болғандықтан, «шатыр» деген ат тағылған.

- **Қазақ архитектурасы, Қазақ сәулет өнері** – ғимараттарды, құрылыстар мен ескерткіштер кешендерін жобалау, салу, оларға уақыт талабына сай эстетикалық көркемдік сипат беру өнерінің ұлттық саласы. Материалдық игілікті жасаудың басты саласы ретінде Қ. а. қоғамның өндірістік-экон. дамуына, ғылым және техника жетістіктерімен жарақтануына, оны жасаушылардың дүниетанымдық-эстет. талғамына тығыз байланысты жағдайда өркендейді.

- Арыстанбаб кесенесі - көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Бұл кесене XI ғасырда өмір сүрген діни көріпкел Арыстан баб мазарының үстіне салынған. Кесененің бірінші құрылысы XIV-XV ғасырға жатады. Сол құрылыстан кесілген айван тізбектері қалған. Барлық құқықтар қорғалған. inform.kz белсенді сілтемені пайдаланыңыз

- Күмбез ауқымы кең, һәм биік етіп тұрғызылған. Қабірхананың есігі күнбатысқа, дәлірек айтсақ, Меккеге бағышталған. Бұл қасиетті қабірлерге тағзым етудің мұсылмандық ережелерінен туындайды: зиярат етушінің беті сағанаға, арқасы құбылаға қарауға тиіс болған. Оның ұзындығы 3 м. 90 см., ені 1 м. 30 см., биіктігі 1 м. 20 см. Қабаттас, көлемі 5,4м x 5,4 м. Бөлмеде үш қабір бар. Ол да биік күмбезбен жабылған. Алайда күмбездің іші алебастрмен сыланып, геометриялық үлгідегі өрнектермен нақышталған. Әулиеге кірер есіктің екі жағында екі қабір орналасқан. Шырақшылар бұларды Лашынбаб пен Қарғабаб дейді. Олар әулие қабірімен салыстырғанда аса шағын болып келген. Лашын баб қабырының көлемі 1,63м x 0,92м., Қарғабабтікі 1,70 м x 0,90 м.

- Арыстан баб кесенесі - Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы жерленген орны болып келеді. Аңыз бойынша, о дүниеге кетер алдында Мұхаммед пайғамбар Арыстан бабқа аманат тасбиғын берді, ал ол 11 жастағы бала Қожа Ахмет Яссауиге ұсынды. Арыстан баб кесенесі жанында емдеу қасиеттері бар өте тұзды сулы құдық бар. Барлық құқықтар қорғалған. inform.kz белсенді сілтемені пайдаланыңыз

- Дәліз-қақпа маңдайшасына мәрмәр тақта қаланып, бетіне нижра бойынша 1327 жыл, яғни соңғы құрылыс жүрген уақыт деп көрсетілген. Арыстан баб кесенесі мемлекеттік қорғауға алынған.
Барлық құқықтар қорғалған. inform.kz белсенді сілтемені пайдаланыңыз

- **Қ.А. Яссауи кесенесі XIV - XV ғасыр**
- Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі Орта Азия мен Қазақстандағы теңдесіз тарихи жәдігер. Бұл ғажайып сәулет өнерінің туындысы өз бойына ертеден келе жатқан жергілікті және Шығыс мұсылман құрылыс тәжірибесін жинақтаған бірегей ғимарат. Бұл ғажайып ғимарат Әулиелердің Сұлтаны Құл Қожа Ахмет Ясауиге зор құрмет ретінде, оған деген халықтың шексіз сүйіспеншілігіне орай, Әмір Темірдің бұйрығымен 1397 жылы салына бастаған.

- Қожа Ахмет Ясауи – шамамен 1040 жылы (кей деректе 1103 немесе 1093, 1095) Сайрам (кейбір деректер бойынша Ясы) қаласында дүниеге келіп, жүз жиырма бес жыл жасаған Түркі әлеміндегі мұсылмандық дәстүрді орнықтырған ғұлама ұстаз.

- Қ.А. Ясауи сәулет ғимараты айқын, дәл әрі үйлесімді жоспармен салынған. Деректерде Әмір Темір кесененің салынуына бұйрық беріп, әрі жобасын жасауға да тікелей қатысқан. Қожа Ахмет Ясауи сәулет ғимараты – аса үлкен порталды-күмбезді құрылыс. Оның ені – 46,5м, ұзындығы – 65м. Ғимараттың орасан зор порталы (ені – 50 метрге жуық, порталдық аркасы – 18,2 м және биіктігі – 37,5м) және бірнеше күмбезі бар. Оның орталық бөлмесінің төңірегінде түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған. Қ.А. Ясауи кесенесі жамағатхана, қабірхана, мешіт, кітапхана, үлкен ақсарай, кіші ақсарай, асхана, құдықхана және бірнеше құжыра бөлмелерден тұратын, діни-ғұрыптық, діни-ағартушылық, тұрмыс-салттық қызмет түрлерін атқаруға арналған аса күрделі аса зор кешенді

- Кесене нақты әрі гармониялық жоспармен салынған. Екі жағы мұнарамен жалғасқан бас портал еңселі арқадан тұрады. Қожа Ахмет Иассауи кешені порталды- күмбезді құрылыс. Оның көлемі 46,5x65,5 метр. Орталық залдың айналасына әр түрлі мақсатқа пайдаланылған үлкенді-кішілі 35 бөлме орналасқан. Оның бірінде сопы ақынның мүрдесі жерленген. Орталық бөлмеде қолымен жазылған Құранның көшірмесі, діни кітаптар, шежірелер сақтаулы. Бұл күнде Қожа Ахмет Иассауи ғимараты-шығыс халықтарының тамаша сәулет өнері жұлдыздарының бірі. Жылда 100-150 мыңнан астам адам келіп тамашалайды. Оларды мұнда сұлулық пен ұлылықтың тылсым сырын білуге деген құштарлық сезімдері жетелейді.





- 25 жылдық тәуелсіздік кезеңінде Қазақстанның көптеген қалалары мен ауылдарының, әсіресе Алматы және Ақмола облыстарының архит. келбеті айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Ірі-ірі әкімш. ғимараттары мен тұрғын-үй кешендері пайда болды.
- Мемориалдық құрылыстардың арасында жаңа ескерткіштер мен ғылым мен техника, тарих пен мәдениет қайраткерлері тұрған үйлерге тақталар мен құлпытастар қойылды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Маргулан А.Х. Мендикулов М.М. Басенов Т.К. Архитектура Казахстана. Алма-Ата, 1959.
- Глаудинов Б.А. История архитектуры Казахстана. – Алматы, 1999
- История и культура народов Средней Азии. – М, 1976
- "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 5-том
- Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: "Аруна Ltd." ЖШС, 2005
- Қожа Ахмет Ясауи. Қырық хикмет. Түркістан. 1991, 33б.
- <http://yznaika.com/powerpoint/162-kazakhstan-keremeti>
- http://www.inform.kz/kz/arystanbab-kesenesi_a2214698